

«Kazakhstan Bar Association»
Заң консультанттары палатасы
Мүшелерінің Жалпы жиналышының
2020 жылғы 28 тамыздағы шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»

«KAZAKHSTAN BAR ASSOCIATION»
ЗАҢ, КОНСУЛЬТАНТТАРЫ ПАЛАТАСЫНЫҢ
МУШЕЛЕРИНЕ АРНАЛҒАН БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ СТАНДАРТЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Мәні

«Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасының (бұдан әрі мәтінде – «**KazBar Палатасы**») мүшелеріне арналған осы Біліктілікті арттыру стандартында заң білімін берудің міндетті қағидалары (бұдан әрі – «**Қағидалар**») көзделген, оған заңгерлік машиқпен шұғылданатын заңгерлерге – KazBar Палатасының мүшелеріне заң білімін беру бағдарламасы кіреді.

1.2. Анықтамалар

- (а) **«Аkkредиттелген курс немесе бағдарлама»** — бұл осы Қағидаларда баяндалған стандарттарға сәйкес келетін, білім беру бағдарламаларын жүргізуге аккредиттелген тұлғаның өнімі болып табылатын, Заң білімін беру жөніндегі комитет мақұлдаған және KazBar Палатасының Басқармасы бекіткен заң білімін беру курсы немесе бағдарламасы.
- (б) **«Білім беру бағдарламаларын жүргізуге аккредиттелген тұлға»** — бұл KazBar Палатасы аккредиттеген жеке немесе заңды тұлға.
- (в) **«Әдеп»** және **«Кесіпқойлық»** терминдері басқасымен қатар келесіні қамтуы мүмкін:
 - (i) заңгерлердің клиенттер алдындағы кәсіби міндеттеріне қатысты нормалар (соның ішінде мұқтаж адамдарға заң көмегін көрсету жөніндегі міндеттеме, құпиялық, құзыреттілік, мұddeлер қақтығысы, шешім қабылдау функцияларын бөлу және юриспруденция қағидаттарынан айнымастық және қолданыстағы шектеулдерді сақтау);
 - (ii) заңгерлердің әлеуетті клиенттермен, соттармен және басқа да құқық институттарымен және үшінші тұлғалармен кәсіби қарым-қатынасына қатысты нормалар (заңгерлерге клиенттің ақшалай қаражаты немесе эскроу шоттарындағы ақша сеніп тапсырылған кездегі заңгерлердің фидуциарлық, бухгалтерлік міндеттемелері, сондай-ақ заңгерлердің құжаттарды сақтау жөніндегі міндеттемелері, сонымен қатар клиенттерге дұрыс қарауға қатысты нормалар);
 - (iii) заңгерлердің кәсіби міндеттерінің қайнар көздері (соның ішінде тәртіптік нормалар, сот шешімдері және тиісті конституциялық ережелер мен заңдардың ережелері);
 - (iv) этикалық дилеммаларды мойындау және шешу;
 - (v) кәсіби нормалардың сақталуын қамтамасыз механизмдері;
 - (vi) алкогольді, есірткілік және заңсыз заттарды теріс пайдалануға қарсы курес;
 - (vii) кәсіби құндылықтар (соның ішінде жеке кәсіби даму, біліктілікті арттыру және әділдік, сот төрелігі және адамгершілік қағидаттарына адалдық).
- (г) **«Дағды»** термині заңгерлік машиққа қатысты болуға тиіс және басқасының ішінде, проблемаларды шешуді, құқықтық талдауды және негіздеуді, заңдық зерделеуді, құжаттарды жазуды, жасауды, фактологиялық

зерттеуді (көсіби машиқтың тиісті салаларының курстарында оқытылатындей), коммуникацияларды, көнестерді, келіссез жүргізуді, дедалдықты, тәрелікті, сottарда қорғауды ұйымдастыру мен жүргізуі қамтуы мүмкін.

(д) «**Заңгерлік қызмет менеджменті**» термині жалпы заңгерлік тәжірибеге қатысты болуға тиіс және басқасына қоса оғисті басқаруды, технологияларды қолдануды, стресс жағдайларын басқаруды, заңгерлік жұмысты басқаруды, сондай-ақ теріс пайдалану мен сотта іс қаралуын болдырмауды қамтуы мүмкін.

(е) «**Көсіби машиқ салалары**» термині басқасына қоса азаматтық құқықты, соның ішінде, корпоративтік құқықты, коммерциялық құқықты, отбасылық құқықты, азаматтық сот ісін жүргізуі, қылмыстық сот ісін жүргізуі, еңбек құқығын, өкімшілік құқықты, бағалы қағаздарды, сақтандыруды, банкроттықты, салық салуды, зияткерлік меншікті, экологиялық құқықты, дербес деректерді қорғауды, зейнетакы құқығы мен әлеуметтік қамсыздандырылу құқығын, халықаралық құқықты және дауларды шешудің балама тәсілдерін қамтуы мүмкін.

2. ӨЗ МУШЕЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТАРЫУ ШЕҢБЕРІНДЕГІ KAZBAR ПАЛАТАСЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛЫ:

2.1. Аккредиттелген курстар мен бағдарламаларды, әсіресе географиялық жағынан оқшауланған аймақтарда жүргізуі ынталандыру және қолдау; сондай-ақ жыл сайын KazBar Палатасының Жалпы жиналышында өз қызметі туралы баяндама жасау.

3. KAZBAR ПАЛАТАСЫНЫҢ ЗАҢ БІЛІМІН БЕРУ ЖӘНІНДЕГІ КОМИТЕТІ

3.1. **KazBar Палатасының Заң білімін беру жәніндеғі комитетін KazBar Палатасының Басқармасы құрады.**

3.2. **Құрамы.** KazBar Палатасының Заң білімін беру жәніндеғі комитеттің құрамына осы Стандарт күшіне енген күннен кейін Комитеттің мүшесі болуға ниет білдірген кемінде 7 (жеті) тұрақты мүше кіруге тиіс. Комитеттің тең тәрағаларын (екі адам санында) Комитеттің мүшелері Комитет мүшелерінің арасынан сайлайды. Тең тәрағалардың өкілеттік мерзімі 5 (бес) жыл. Тең тәрағалар шектеусіз рет сайланада.

3.3. **Кворум.** Заң білімін беру жәніндеғі комитеттің отырыстарындағы кворумды оның 4 (төрт) тұрақты мүшесі (жай көпшілігі) құрайды.

3.4. **Міндеттері мен жауапкершілігі.** Заң білімін беру жәніндеғі комитет мынаған уәкілдеп:

3.4.1. KazBar Палатасының Атқарушы директоры бастапқыда ұсынған ақпараттың негізінде Қағидалардың талаптарына сәйкес білім беру

- бағдарламаларын ұсынатын тұлғаларды аккредиттеу жөнінде KazBar Палатасының Басқармасына ұсынымдар енгізу;
- 3.4.2. үздіксіз заң білімін беру шенберінде кредиттер берілетін нақты курстар немесе бағдарламалар бойынша кредит сағаттарының санын анықтау және бұл ақпаратты KazBar Палатасының электрондық ресурстарында одан әрі жариялау үшін KazBar Палатасының Атқарушы директорына ұсыну;
- 3.4.3. қажет болуына қарай курс материалдарын зерделеу және үздіксіз заң білімін беретін оқытушылардың біліктілігін тексеру;
- 3.5. **Шығындар.** Заң білімін беру жөніндегі комитеттің мүшелері өз қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады.
- 3.6. **Құпиялық.** Заң білімін беру жөніндегі комитеттің жиналыстары мен отырыстарының файлдары, жазбалары мен хаттамалары осы Қағидалардың талаптарына сай келетін зангерге қатысты бөлігінде құпия болуға тиіс және ақпаратты жария ету Комитет мүшелерінің өз міндеттерін орындауды кезінде немесе тиісті зангердің сұрау салуы бойынша талап етілетін жағдайларды қоспағанда, жария етуге жатпайды, сонымен қатар олар осы Қағидалардың ережелерін іске асыруға байланысты талқылау барысында дәлелдеме ретінде ұсынылуы немесе өзге де түрде алға тартылуы мүмкін.
- #### 4. АККРЕДИТАЦИЯ
- 4.1. **Ресім.** «Білім беру бағдарламаларын жүргізуге аккредиттелген тұлға» мәртебесін KazBar Палатасының Басқармасы Заң білімін беру жөніндегі комитеттің ұсынымы бойынша береді.
- 4.2. **Стандарттар.** Заң білімін беру курсары немесе бағдарламалары келесі өлшемшарттарға сәйкес келуге тиіс:
- 4.2.1. Бір кредит 10 сағат заң білімін беруді құрайды (ҚР МЖБС талаптары), үш кредит – 30 сағат.
- 4.2.2. Курстың немесе бағдарламаның елеулі зияткерлік немесе тәжірибелік мазмұны болуға тиіс және оның негізгі мақсаты әдеп және кәсіпқойлық, дағды, зангерлік қызмет менеджменті саласындағы, сондай-ақ кәсіби машық саласында зангердің кәсіби зангерлік құзыретін арттыру болуға тиіс.
- 4.2.3. Білім беру курсын немесе бағдарламасын тиісті пәнді оқытуда тәжірибесі бар оқытушылар оқытуы керек, сонымен қатар ол зангерлерге арнайы бейімделуге тиіс.
- 4.2.4. Курс немесе бағдарлама жүргізу басталғанға дейін немесе басталған кезде барлық қатысушыларға сапалы, оқуға қолайлы және алдын ала

дайындалған материалдар берілуге тиіс, тек бұған мұндай материалдардың болмауын немесе курс немесе бағдарлама басталғаннан кейін ең қысқа мерзімде берілуін Заң білімін беру жөніндегі комитет мақұлдаған жағдайлар жатпайды.

- 4.2.5. Қатысушы заңгерге арналған заң білімін беру курстарының немесе бағдарламаларының құны ақылға қонымды болуы керек.
- 4.2.6. Білім беру қызметін көрсететін тұлғалардың қаржылық қыын жағдайға ұшыраған адамдарға заң білімін беру курстарын немесе бағдарламаларын өтеусіз ұсыну туралы қағидалары болуға тиіс.
- 4.2.7. Курс немесе бағдарлама ынғайлы және оқуға қолайлы ортада жүргізілуге тиіс.
- 4.2.8. Курсты немесе бағдарламаны бітіргеннен кейін әрбір қатысушыға нақты курстың немесе бағдарламаның сапасына, тиімділігіне және пайдалылығына қатысты бағалау сауалнамасын толтыру мүмкіндігі берілуге тиіс. Сауалнама нәтижелерінің қысқаша мазмұны тиісті курс немесе бағдарлама оқытылған күнтізбелік жылдың соңында KazBar Заң білімін беру жөніндегі комитеттіне ұсынылуға тиіс. Білім беру қызметін көрсететін тұлғалар аталған сауалнамаларды тиісті курсты немесе бағдарламаны аяқтағаннан кейін 5 (бес) жыл бойы сақтауға тиіс.
- 4.2.9. Заң білімін беру курсын немесе бағдарламасын жүргізген тұлғалар заң білімін беру курсынан немесе бағдарламасынан өткен барлық адамдарға Курстан немесе бағдарламадан өткені туралы сертификат беруге тиіс.
- 4.2.10. KazBar Палатасының Үздіксіз заң білімін беру жөніндегі комитетті аталған стандарттарға сәйкес келетін, сондай-ақ бухгалтерлік есеп және салық есебі бойынша семинарлар сияқты сабактас пәндер бойынша білім беру бағдарламаларымен қысатын бағдарламаларды қарастауда жағдайға және бекітуге қабылдауды мүмкін.

4.3. **Білім беру бағдарламаларын жүргізуге аккредиттелген тұлға мәртебесі.**

- 4.3.1. **Ресім.** Білім беру бағдарламаларын жүргізуге аккредиттелген тұлға мәртебесін алуға өтінішті KazBar Палатасына тиісті нысандар мен материалдарды жолдау арқылы беруге болады. Атқарушы директор келіп түскен өтініш бойынша Заң білімін беру жөніндегі комитетке тиісті өтініш келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ақпарат беруге міндетті.
- 4.3.2. **Талаптар.** Білім беру бағдарламаларын жүргізуге аккредиттелген тұлға мәртебесі KazBar Палатасының Заң білімін беру комитеті мен Басқармасының үйғаруы бойынша 4.2-тармақта баяндалған стандарттарға сай келетін өтініш иелеріне ғана берілуі мүмкін.

- 4.3.3. Жоғарыда аталған талаптарға сай келетін өтініш иелері сонымен қатар заңгерлер қауымдастықтары, заң мектептері, заң фирмалары және заң бөлімдері (соның ішінде корпоративтік, коммерциялық емес және мемлекеттік заң департаменттері) болуы мүмкін.
- 4.3.4. **Білім беру бағдарламаларын жүргізуге аккредиттелген тұлға мәртебесінің күшінде болу мерзімі.** Тұлға Білім беру бағдарламаларын жүргізуге аккредиттелген тұлға мәртебесін алғаннан кейін аталған тұлға жүргізетін үздіксіз заң білімін беру курстары немесе бағдарламалары болжалды түрде осындай мәртебе берілген күннен бастап бес (5) жыл бойы жүргізу және тиісті біліктілік кредиттерін беру үшін мақұлданған болып саналады.
- 4.3.5. **Білім беру бағдарламаларын жүргізуге аккредиттелген тұлға мәртебесінің мерзімін ұзарту.** Білім беру бағдарламаларын жүргізуге аккредиттелген тұлға мәртебесінің мерзімін 5 (бес) жылға ұзартуға болады. Заң білімін беру жөніндегі комитет осы Қағидаларды бұзушылықтың қазір бар немесе бұрын болған-болмағанын анықтауға тиіс. Бұдан басқа, Комитет өзінің ұйғаруы бойынша аккредиттеу мерзімін ұзарту шарттарын белгілеуге құқылы, бұл Тұлғаның Комитет белгілеген қосымша талаптарға сәйкестігі туралы талап болуы мүмкін.
- (а) Егер мерзімін ұзарту туралы өтініш уақтылы берілген болса, онда аккредиттелген тұлға мәртебесі Комитет осы өтініш бойынша тиісті шешім қабылдаған кезге дейін сақталады.
- (б) Егер мерзімін ұзарту туралы өтініш аккредиттеу кезеңі аяқталғанға дейін берілмесе, онда аккредиттелген тұлға мәртебесі қазір бар аккредиттеу кезеңі аяқталған кезде тоқтатылады. Аккредиттеу мерзімі өткеннен кейін келіп түскен кез келген өтінішті Комитет Білім беру бағдарламаларын жүргізуге аккредиттелген тұлға мәртебесін алуға бастапқы өтініш ретінде қарайды.
- 4.3.6. **Күшін жою.** Егер Заң білімін беру жөніндегі комитет Білім беру бағдарламаларын жүргізуге аккредиттелген тұлғаның қызметін тексерудің нәтижесінде тиісті тұлғаның курсының немесе бағдарламалық материалдарының мазмұны, үздіксіз заң білімін беру саласындағы қызметінің сапасы немесе қызметінің нәтижелері осы Қағидаларда баяндалған стандарттарға сәйкес келмейтінін анықтаса, KazBar Палатасының Басқармасы Білім беру бағдарламаларын жүргізуге аккредиттелген тұлға мәртебесінің күшін жоя алады.
- 4.3.7. **Білім беру бағдарламаларын жүргізуге аккредиттелген тұлғалардың тізбесі.** KazBar Палатасының Атқаруышы органы Заң білімін беру жөніндегі комитеттің ұсынымы бойынша заң білімін беру курстары немесе бұл саладағы қызметі бекітілген Білім беру бағдарламаларын жүргізуге аккредиттелген тұлғалардың тізбесін мезгіл-мезгіл жасауға және жариялауға тиіс. Аталған тізбе KazBar Палатасының сайтына орналастырылуға тиіс.

4.3.8. Хабарландыру. Заң білімін беру курстары мен бағдарламаларын жүргізуге мақұлдау алған тұлғалар өздерінің ақпараттық ресурстарында олардың курсы немесе бағдарламасы KazBar Палатасы Басқармасының мақұлдауын алғанын көрсете алады.

4.4. БАС ТАРТУ, ӨЗГЕРИСТЕР ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАР

4.4.1. Бас тарту және Өзгерістер. Заң білімін беру жөніндегі комитет заң консультанттының жазбаша өтініші бойынша қысынсыз қызындықтарға немесе женілдететін мән-жайларға байланысты жекелеген жағдайларда мұндай заң консультанттына Қағидалардың белгілі бір талаптарын қоюдан бас тартуға құқылы.

4.4.2. Ерекше жағдайлар. Төменде аталған тұлғалар KazBar Палатасының Үздіксіз заң білімін беру бағдарламасының талаптарын орындаудан босатылады:

- (i) осы бөлімге сәйкес заңгерлік машықпен айналысып жүрген заңгерлер – егер олар есепті кезеңде мемлекеттік немесе жекеше секторда нақты органға немесе жеке тұлғаға заң көнеспін бермесе немесе заңгерлік өкілдік ету қызметін көрсетпесе;
- (ii) Қазақстан Республикасының мерзімді әскери қызметінде жүрген заңгерлер;
- (iii) оғиштері Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқан, бірақ нақты іс немесе сottың істі қарауы бойынша Қазақстан Республикасында машықтануға уақытша рұқсаты бар заңгерлер;
- (iv) заңгерлік машықты тоқтатқанын растиған заңгерлер;
- (v) заң мамандығы бойынша ғылыми дәрежесі бар тұлғалар (заң ғылымдарының кандидаты, заң ғылымдарының докторы).

5. ЗАҢГЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН МІНДЕТТІ ЗАҢ БІЛІМІН БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

5.1. Жалпы ережелер

Осы Қағидалардың 4-бөлімінің талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы талаптардан босатылмайтын, Қазақстан Республикасында заңгерлік қызметпен айналысуға тиісті түрде рұқсат алған барлық заңгерлерге қолданылады.

5.2. Мақсаттар

KazBar Палатасының мүшелері және қоғам үшін заңгерлердің белсенді заңгерлік машиқпен шұғылданатын бүкіл кезеңде заң білімін алуын жалғастыра отырып, кәсіби құзыреттілігін қалыпта сақтауы өте маңызды. Бұл бағдарлама заңгерлер үшін заң білімін алуға қойылатын ең тәменгі талаптарды белгілейді.

5.3. Ең тәменгі талаптар

5.3.1. **Кредит сағаттары.** Әр заңгер әрбір бес жылдық есептің кезең ішінде оқудан өтуге және кем дегенде 3 (үш) кредит алуға тиіс, бұл әдет және кәсіпқойлық, дағдылар, заңгерлік қызмет менеджменті, сондай-ақ кәсіптік тәжірибе салалары бойынша заң білімін беру бағдарламалары бойынша 30 сағатты құрайды. Әдет және кәсіпқойлық, дағдылар, заңгерлік қызмет менеджменті, сондай-ақ кәсіптік тәжірибе салаларының анықтамасы осы Қағидалардың 1.1.2-тармағында берілген. Білім беру бағдарламаларының әдет, кәсіпқойлық сияқты компоненттерін басқа курстармен үйлестіріп ұсынуға болады.

5.3.2. Бес жылдық есептің кезең.

- (а) KazBar Палатасының әрекеттегі мүшелері үшін бірінші бес жылдық есептің кезең осы Стандарттың күшіне енген күні мен 2025 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезең болып табылады.
- (б) KazBar Палатасының жаңадан кірген мүшелері үшін бірінші бес жылдық есептің кезең болып заңгер KazBar Палатасына мүше болып кірген күннің және заңгердің KazBar Палатасына мүше болып кірген күннен бастап бес жылдық кезең аяқталатын жылдың 31 желтоқсаны аралығындағы кезең есептеледі.
- (в) Заңгер осы Қағидалардың 4.7-тармағын ескере отырып, KazBar Палатасына мүше болып кірген кезден бастап Қағидалардың осы 4-бөлімнің талаптарын сақтауға тиіс.

5.3.3. **Кредиттерді басқа уақытқа ауыстыру.** Заңгер кез келген бес жылдық есептің кезеңде ең көп дегенде 10 (он) сағатты келесі бес жылдық есептің кезеңге ауыстыруға құқылыш.

5.3.4. **Курс немесе бағдарлама форматтары.** Заң білімін беру курсарына немесе бағдарламаларына аудиториядағы дәріс немесе семинар түріндегі дәстүрлі сабак, байланыс құралдары арқылы өткізілетін сабак (телефонференция, бейнеконференция, спутник арқылы тарату, бейне немесе аудиокассета сабактары, интерактивті бейнематериалдар және электрондық түрде қашықтан берілетін оқу қызметінің басқа да нысандары), сондай-ақ онлайн компьютерлік курстар кіруі мүмкін.

5.3.5. **Конференцияларда спикер немесе оқытушы ретіндегі қызметі үшін кредит – бір курс немесе конференция үшін 10 (он) сағатқа дейінгі көлемде.** Кредитті сез сөйлеу, сабак беру немесе аккредиттеген заң

- білімін беру бағдарламасының блогына қатысу үшін тек белгілі бір құқықтық тақырыпта сөз сөйлеуге алуға болады.
- 5.3.6. **Заң мектептерінде сабак беру үшін кредит – әр курс немесе конференция үшін 10 (он) сағатқа дейінгі көлемде.** Кредитті университеттер мен басқа да жоғары оқу орындарының заң мектептерінде сабак беру үшін алуға болады.
- 5.3.7. **Құқық мәселелері бойынша жарыс іс-шараларына төрешілік ету үшін кредит – әр бір іс-шара үшін 2 (екі) сағатқа дейінгі көлемде.** Кредит студенттерді құқық мәселелері бойынша жарыс іс-шараларына дайындау, сахналанған сот талқылауына және оқу аясындағы сот дауларына, соның ішінде жоғары мектепте, сондай-ақ аталған іс-шараларға судья ретінде қатысу үшін алынуы мүмкін.
- 5.3.8. **Жарияланымдар үшін кредит - әр курс немесе конференция үшін 10 (он) сағатқа дейінгі көлемде.** Кредит заң саласындағы зерттеулер жазу үшін алынуы мүмкін, осы орайда қойылатын шарт, жүргізілген жұмыстың нәтижесінде (i) өтініш беруші толығымен немесе ішінара жазған мақала, тарау немесе кітап түріндегі материал баспалық немесе электронды түрде дайындалған және жарияланған болуы немесе жариялануы тиіс, және (ii) өтініш берушінің жұмысы өтініш берушінің өзінің де, басқа заңгерлердің де үздіксіз заң білімін алудына елеулі үлес қосуға тиіс.
- 5.3.9. **Басқа юрисдикциялар.** Кез келген шетелдік юрисдикция бекіткен үздіксіз заң білімін беру курстары олардың талаптарға сәйкестігі және Үздіксіз заң білімін беру жөніндегі комитет қабылдаған стандарттарға сай келуі шартымен заңгердің осы Қағидаларға сәйкес талаптарды сақтауын анықтау кезінде есепке алынады.
- 5.3.10. **Қағидалардың талаптарынан босатылған заңгерлердің міндеттері.**
- (а) Осы Қағидалардың талаптарынан босатылған, бірақ басқа юрисдикцияда үздіксіз заң білімі талаптарын орындауға міндетті заңгер осы талаптарды сақтауға және аталған талаптардың сақталуының растауын табыс етуге тиіс.
 - (б) Осы Қағидалардың талаптарынан босатылған, бірақ кейіннен босатылуы тоқтатылған, бес жылдық есепті кезеңде Қазақстан Республикасында заңгерлік машығын бастайтын заңгер есепті кезеңнің аяғына таман осы Қағидалардың 3.2.2-тармағында көрсетілген санаттардың кез келген қысымында заң білімінің бір кредитін аяқтауға тиіс.
 - (в) Қазақстан Республикасында заңгерлік машығын біржола тоқтататын және басқа юрисдикцияда заңгерлік машығын бастайтын немесе онымен шұғылдануды жалғастыратын заңгер осы Қағидалардың талаптарынан босатылады.

5.4. Есеп беру бойынша талаптар

- 5.4.1. **Заңгердің міндеттері.** KazBar Палатасының үздіксіз заң білімі жөніндегі талаптарының күші таралатын әр заңгер әр бекітілген білім беру курсы, бағдарламасы немесе басқа білім беру іс-шарасы бойынша Комитет талап ететін қатысу сертификатын және басқа да құжаттаманы табыс етуге тиіс.

5.5. Бас тарту немесе Өзгерістер

- 5.5.1. Осы Қағидаларға сәйкес заңгер Үздіксіз заң білімін беру жөніндегі комитетке тиісті талаптарды орындауына кедергі келтіретін женілдететін мән-жайлардың негізінде өзіне қандай да бір талаптарды қолданудан бас тарту немесе Қағидалардың талаптарын өзгерту туралы жазбаша өтінішпен жүгінуге құқылы.
- 5.5.2. Женілдететін мән-жайлардың негізінде Қағидалардың талаптарын орындау мерзімін ұзарту туралы өтініш Қағидаларда қамтылған ресімдерге сәйкес берілуге тиіс, осы орайда ерекше мән-жайлар болмаған жағдайда мұндай ұзартылатын мерзім 90 күннен аспауы керек. Егер аталған мерзімге ұзарту жасалса, онда заңгер келесі бес жылдық есепті кезеңнің ішінде үздіксіз заң білімін алу жөніндегі міндетті талаптарды орындауға тиіс болатын уақыт кезеңі өзгеріссіз қалады.

5.6. Талаптардың сақталмауы

- 5.6.1. Үздіксіз заң білімін беру жөніндегі талаптарды сақтамайтын заңгерлер туралы ақпарат тиісті шара қолдану үшін Заң консультанттының қызметін бақылау жөніндегі комитетке берілуі мүмкін.

5.7. Күшіне енетін күні және кредит сағаттарын басқа уақытқа ауыстыру

- 5.7.1. Осы Қағидалардың талаптары 2020 жылғы 1 наурыздан бастап күшіне енеді.